

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті

• Дене тәрбиесі және спорт факультеті

Жалпы педагогика және музыкалық білім кафедрасы

Қабілет

Орындаған: Іми Н. Рысбай С.



Тобы: ФК-15-2к2

Қабылдаған: Бейсенбаева Ғазиза

Қабілет

- Қабілет дегеніміз – адамның бір іс-әрекетті орындауда әрқилы деңгейде көрінетін жеке қасиеті. Оны данышпандар асыл мұраға да теңейді. Өйткені, кез келген адамда ерекше бір көзге түсетін қасиет болады. Егерде сол адам оны қастерлеп, өмірмен біте қайнасып жүруіне үнемі жағдай жасап отырса, иесінің қолынан келмейтін нәрсе жоқ. Мұндай жан бәрібір өзінің алдына қойған мақсатына жетіп, еңбегінің жемісін татады. Олардың өз отбасына да, туған-туыс, қоғамына да тигізетін пайдасы зор.

Қабілет



- Жалпы қабілеттер іс-әрекеттердің барша түрінде қажет. Олар қарапайым және күрделі болып ажыратылады.
- Қарапайым қабілеттер - болмысты жай бейнелеуде, қабылдау, ес, ойлау, қиял мен еріктің әдеттегі, барша тек өкіліне тән деңгейде қалаған әрекет орындауда іске қосылады.
- Күрделі қабілеттер - оқуда, бақылау, шығармашылық істерінде көрініп, ақыл-ес дамуының жоғары деңгейін танытады. Қарапайым және күрделі қабілеттердің қажетті деңгейдегі дамуы болмаса, тұлға адами іс-әрекеттердің бірде біріне араласа алмайды.
- Іс-әрекет түрлеріне орай арнайы қабілеттер - сызу, көркемөнер - әдеби, нақты-ғылыми (математикалық және т.б.), тәжірибелік-ұйымдастыру, тұрмыстың-жасампаздық, т.с.с. болып ажыралыады.

- Белгілі бір істі үздік орындауға мүмкіндік беретін адамның әртүрлі жеке қасиеттерінің қиысып келуін , яғни адам қасиеттерінің синтезін қабілет деп атаймыз.
- Қорытындылай келе , «қабілет» түсінігінің бүгінгі ғылым қабылдап отырған үш негізгі көрсеткішін (Б.М Теплов) атайық:
- 1.Қабілет- бір адамды екіншісінен ажырататын дара психологиялық ерекшелік. Баршаға бірдей тән қасиеттері қабілет бола алмайды.
- 2. Қабілет- барша тұлғаға тән болған ортақ сапа емес, кей адамға ғана дарыған қандай да бір немесе бірнеше іс-әрекетті табысты орындауға жарайтын өзара ептілік.
- 3. Қабілет нақты адамда топталған білім, ептілік және дағдылардан оқшау, қажет әрекетті игеру желісінде ғана көрінеді.
- Қабілет пен іс-әрекет арасындағы қатынас

Қабілеттің түрлері

- Ғалым Б.М.Тепловтың түсіндіруінше:
«Қабілеттердің дамуының табиғи негізін
кұрайтын нышандардың жинағы дарындылық
деп аталады... Адамның дарындылығы оның
жоғары жүйке саласының туа біткен
қасиетімен тығыз байланысты.
Белгілі бір қабілеттіліктің
дамуына себепші болатын жақсы
нышанға тән қасиеттің бір
белгісі – ондай қабілеттің арнауы
педагогикалық шара қолдануды тілемей-ақ өз
бетімен ерте көзге түсуі.



Қабілеттің даму сатысы

- Нышан
- Қабілет
- Талант
- Дарындылық

- Бірақ әрқашан қабілет пен дарынның ерте дамуын кездестіруге бола бермейді... кейбір қабілет ерте көзге түспеуіне қарап, қабілеттілікке нышан жоқ деген қорытынды жасауға болмайды. Дарынды бірер іске шеберлік дегенмен шатастырмау керек. Қызметті жақсы орындау үшін қабілеттің бір ғана түріне сүйенуге болмайды. Адамға белгілі бір қызметті көңілдегідей атқару мүмкіншілігін қамтамасыз ететін қабілеттердің ерекше қыйысуын – қызметтің сол саласына талант деп атайды. Адам неғұрлым талантты, дарынды болған сайын, ол өзінің еңбегін, шығармашылық тапқырлығын үстей береді, сөйтіп, оның еңбегі жігерлі еңбек болады... Талант – «Бұл жұмыс үрдісінің өзін», еңбекті сүюшілік. Еңбекке бейімділік және қабілет әрбір таланттылықтың ең басты құрамасы болады. Әркім өзінің өмірін саналы түрде құруы үшін, өзінің қабілетін дұрыс бағалай білуі керек».
- Біздің де пікірімізше, еш нәрсеге қабілетсіз адам жоқ. Тек жатып ішер жалқаулар ғана өз қабілетін жарқыратып тұрып көрсете алмайды. Белгілі бір істе адам өз қабілетін таныта алмаса да оны оған мүлдем жарамсыз деп санау – қателік. Адамның бір іске, өнерге деген қабілетінің оянатын, қалыптасып, дамитын, иесін атақ-абырой биігіне көтеретін кезі әрқилы. Тек үмітіңді үзбей, еңбектене біл. Алайда, ойшыл Фалес айтпақшы: «Бәрінен де өзіңнің кім екеніңді білу қиын». Өмірден өз орныңды табу жөнінде де тап солай. Сіз қабілетіңізді, талантыңызды дәл индикатордай өлшейтін, сізді адам қатарына қосатын қолайлы жағдайға тек еңбегіңіз арқылы, еңбеккер ұжымның ішінде жүріп сарыла істеген шығармашылық қызметіңіз арқылы ғана жете аласыз».
-

- **Қабілеттердің бірнеше концепциялары бар.**
- 1. Тұқымқуалаушылық теориясында қабілетті дамуы мен көрінуі тұтастай және толығымен тұқымқуалаушылық қорына тәуелді биологиялық детерминді құбылыс ретінде түсінеді. Бұл ұстанымды белгілі адамның генеологиясы және энциклопедиялық сөздіктерге сүйене таланттың тұқымқуалаушылығын зерттеген Ф. Гальтон ұстанған.
- 2. Жүре пайда болған қабілеттер теориясы. 18 ғасырдағы Гельвещийдің тұжырымдауынша, тәрбие арқылы данышпандылықтың кез-келген деңгейін қалыптастыруға болады. Эшби бұл тұжырымды былай жеңілдетті, қабілет бұл тума бағдарламалар және жұмысқа деген қабілеттілік арқылы қалыптасады.
- 3. Негізінен Кеңестік психологияда дамыған қабілеттегі тума және жүре пайда болған диалектиканы нақтылаған үшінші концепция болды. Анатомо – физиологиялық ерекшеліктер ғана тума бола алады, ал қабілеттің өзі – қалыптасу нәтижесі. Қабілеттер іс-әрекетте қалыптасатындықтан оның мазмұнына және балаға іс-әрекеттер мен жетістіктер этолонын беретін ересектермен қарым – қатынасқа тәуелді. Осыны негізге ала отырып, П.Я.Гальперин қабілет интериоризация нәтижесі болып табылатындығын анықтаған.